

Мемлекеттік ресурстар мен резервтің астығын пайдаланудың кейбір мәселелері туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 2000 жылғы 27 қыркүйек N 1455

Астықтың мемлекеттік ресурстары мен резервін басқаруды реттеу мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасы Үкіметінің мынадай шешімдеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

1) "Мемлекеттік ресурстар мен резервтің астығын пайдаланудың тәртібін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 30 қыркүйектегі N 1506 P991506_ қаулысына (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 1999 ж., N 48, 460-құжат) :

2-тармақтағы "Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Қазынашылық комитетінің бақылауындағы "ҚазАгроҚаржы" жабық акционерлік қоғамының арнаулы есепшотына..." деген сөздер "Азық-түлік келісім-шарт корпорациясы" жабық акционерлік қоғамының Астана қаласы бойынша қазынашылық басқармасында ашылған және бақылауындағы валюталық және теңгелік арнаулы шотына..." деген сөздермен ауыстырылсын;

2) "2000 жылы ауыл шаруашылығы дақылдарының жаппай таралатын зиянкестері мен ауруларына қарсы күрес жөніндегі шаралар туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 23 желтоқсандағы N 1963 P991963_ қаулысындағы:

2-тармақтың екінші абзацы алынып тасталсын.

Ескерту. 1-тармақ өзгерді - ҚР Үкіметінің 2001.03.28. N 394 қаулысымен. P010394_

2. "Азық-түлік келісім-шарт корпорациясы" жабық акционерлік қоғамы мемлекеттік ресурстарға астық сатып алу бағдарламасын іске асыру үшін Астана қаласы бойынша қазынашылық басқармасында Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің бақылауындағы валюталық және теңгелік арнаулы шот ашсын.

3. "2000 жылы ауыл шаруашылығы дақылдарының жаппай таралатын зиянкестері мен ауруларына қарсы күрес жөніндегі шаралар туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 23 желтоқсандағы N 1963 P991963_ (2-тармақ) және "Отандық тауар өндірушілерді ауыл шаруашылығы техникасымен қамтамасыз етудің кейбір мәселелері туралы" 2000 жылғы 8 ақпандағы N 187 P000187_ қаулыларымен айқындалған мақсаттарға төлем ақыларды жүргізу Астана қаласы бойынша қазынашылық басқармасында ашылған және Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің бақылауындағы "ҚазАгроҚаржы" жабық акционерлік қоғамының арнаулы шотының тағайындалуы арқылы айқындалсын.

4. Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі мен Қаржы министрлігі заңнамада белгіленген тәртіппен Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Қазынашылық комитетіндегі "ҚазАгроҚаржы" жабық акционерлік қоғамының арнаулы шотындағы осы қаулының 3-тармағына сәйкес мақсаттарға арналған ақшадан басқа ақшаны "Азық-түлік келісім-шарт корпорациясы" жабық акционерлік қоғамының Астана қаласы бойынша қазынашылық басқармасында жаңадан ашылған валюталық және теңгелік арнаулы шотына аударуды қамтамасыз етсін.

5. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі мен Ауыл шаруашылығы министрлігі заңнамада белгіленген тәртіппен 1999 жылғы астықты мемлекеттік ресурстарға сатып алу үшін бөлінген кредиттік қаражаттар бойынша келісімдерді қайта жасасуды қамтамасыз етсін.

6. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

Оқығандар:

Багарова Ж.А.
Қасымбеков Б.А.